

ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҒЫ

1. Семинар сабағының тақырыбы. Менеджменттегі стратегиялық және тактикалық жоспарлау

2. Сабақтың мазмұны:

1. Жоспарлаудың мазмұны, мақсаттары мен міндеттері
2. Стратегиялық басқарудың мәні мен мағынасы
3. Тактикалық жоспарлау

3. Сабақтың мақсаты мен міндеттері: Жоспарлаудың мазмұны, мақсаттары мен міндеттерін, стратегиялық басқарудың мәні мен мағынасын, тактикалық жоспарлауды студенттерге таныстыру.

4. Техникалық (оның ішінде оқытудың да) және инструментальдық құралдар: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық, есептер.

5. Сабақтарды өткізу тәртібі:

- *Үйге берілген тапсырманы тексеру*
- *Тақырып бойынша теориялық білімді тексеру*
- *Кейс: ТАЛДАУҒА АРНАЛҒАН ЖАҒДАЙ: ОПЕРАЦИЯЛЫҚ БАСҚАРУ СТРАТЕГИЯСЫ*

Дон Ньюхарт Марта Бойдтың офисіне келіп, орындыққа жайғасқаннан кейін, ол колледжде оқыған төрт жылға қарағанда, соңғы алты аптаның ішінде көріп-білгені артық екендігін сезінді.

Дон экономиканы басқару саласында бакалавр дәрежесін маусым айында алды. Ол оқу бітіргеннен кейін бірденнен «Чек-Райт» корпорациясына, корпорацияның өндірісін басқарушы миссис Бойдың қол астына жұмысқа орналасты. «Чек-Райт» корпорациясы жеке банктік чектерді басып шығарумен айналысты, оның АҚШ-тың 27 ірі қалаларында орналасқан 27 кәсіпорны бар.

Дон алты апталық оқу бағдарламасын аяқтап, оқу барысында Лексингтондағы корпорацияның зауытының әрбір өндірістік цехында бірнеше күннен жұмыс істеді. Ол осы зауыттағы болған әр күні барлық лауазымдық жұмыстарды атқарды. Миссис Бойд оны оның оқу нәтижесін талқылау үшін шақырды.

«Чек-Райт» корпорациясы – чек басып шығаратын төрт ірі компаниялардың бірі. Кейбір қалаларда көптеген шағын бәсекелесуші компаниялар бар. Чектерді басып шығарып, пошта арқылы клиенттерге жібереді. Чектерге әрқашан банк арқылы тапсырыс береді және де банк оның клиенттері үшін чектерді қайсы компания басып шығаратынын өзі шешеді.

Тапсырысты орындау үшін жабдықтардың жеті түрінде он операцияны орындауға тура келеді. Чектердің өндірісі кезіндегі шығындар мынадай жолмен бөлінеді: 50% - еңбек шығындары, 30% - материалдар мен 20% - тиімсіз шығындар. Чектердің сатылу бағасы әдетте оның дайындауға жұмсалған шығыннан 80-100% жоғары болады. Чектерді фирма банк клиенттері үшін басылған есебінен банкке береді. Банк клиенттерінің басым бөлігі олар үшін басып шығарылған чектердің бағасы қанша екенін, банктен сомасы шығарылған ай сайынғы есеп беруді алғанша біле бермейді.

Дайын чектердің сапасы мен жеткізу мерзіміне қатысты кез келген мәселелер банк жұмысында айтарлықтай қиындықтар туғызады. Егерде клиент тапсырыс берген чекті он күн ішінде ала алмаса, немесе чекте аты-жөні, тегі, мекен-жайы дұрыс жазылмаса, ол кезде клиентке банкке шағымданады, өйткені көптеген клиенттер чекті банк басып шығарады деп ойлайды. Егерде чектің төменгі жағында магниттік сиямен басылатын есепшоттың нөмірі қате болса немесе компьютер үшін оқылмаса, банкте чекті өңдеу

процесі бұзылады. Мұндай чектерді қолмен өңдеу, банк үшін қымбатқа түседі. Мұндай жағдайларда банк «Чек-Райт» корпорациясымен байланысады.

«Сонымен, Дон, сізге осы зауытта болған алты апта ұнады ма?» «Өте ұнады, осы алты апта ішінде өзімнің көп нәрсе үйренгеніме сене алар емеспін. Білсеңіз, осыған дейін менің полиграфиялық жабдықтармен таныс болуым университет кітапханасындағы ксерокөшірме машинасымен жұмыс істеумен ғана шектелген еді.»

«Ал енді, Дон, өзіңнің жинаған тәжірибең негізінде біздің ісіміздегі тиімділікті көтерудің ең маңызды факторы не деп ойлайсыз?». «Оны атау өте оңай. Әрине, маңызды факторға еңбек өнімділігі жатады. Өндіріс процесі бізде көп жұмыс істеуді талап етеді, сондықтан да еңбек өнімділігін көтеру айтарлықтай табысты ұлғайтады. Мен дәл осы мәселені сізбен талқылауды ойлаған едім. Маған мынадай әсер қалыптасады, тапсырыс көп болатын дүйсенбі мен сейсенбіден басқа күндері зауытта жұмысшылар саны көп сияқты болып көрінеді. Мен сондайақ, тапсырысты орындауға жұмсалған уақыттың үштен бірі өндірістік операцияларға емес, чектерді санау мен басқа да қателерді түзетуге кететінін байқадым. Менің ойымша, біздің бүкіл өндірісімізде еңбек өнімділігін көтерудің кандай да бір мүмкіндігі бар сияқты».

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Сіз Донның еңбек өнімділігі чектерді дайындау кезіндегі өндірістің тиімділігінің маңызды көрсеткіші болып табылады деген пікірімен келісесіз бе?
2. Неліктен, сіздің пікіріңізше, зауытта барлық күндердегідей жұмысшылар тек бірінші, екінші күннен басқа күндері көп болады? Неге чектерді санау мен қателерді түзетуге көп уақыт кетеді?
3. Донның еңбек өнімділігін көтеруге мүмкін болатындығы туралы мәлімдемесін сіз қалай қабылдадыңыз?